

REFERENCES

1. *NIS criteria-based assessment guidelines for teachers in 2016, Astana (in Kaz).*
2. *Guide for the teacher "Nazarbayev Intellectual School AOO". 2012, Astana (in Kaz).*
3. Abisheva J.S., *The success of the students' education Pedagogical dialogue log №1. 2012. 157 page (in Kaz).*
4. http://papers.xtremepapers.com/CIE/Cambridge25_s06_qp_2.pdf
5. http://papers.xtremepapers.com/CIE/Cambridge/Physics/0625_s06_ms_2.pdf

ӘОЖ 376.6

А.Қ. САҚПАНОВА¹, Г.К. ҚИЛЫБАЕВА², Г.С. БЕКТАСОВА²¹«Шығыс балдырған» ЖШС балабақшасы, Өскемен қ., Қазақстан²С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ., Қазақстан**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ
БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың құрастыру әдісі арқылы ойлау қабілетін қалыптастыруды педагогикалық және психологиялық тұрғыдан негіздеу, дамыту шарттарын анықтау туралы баяндалған. Мектепке дейінгі мекемелерде баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы бейнелеу өнері сабағында құрастыру әдісін пайдалану және жүргізу ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, құрастыру әдісі, мектепке дейінгі мекеме, ойлау қабілеті.

**РАЗВИТИЕ МЫШЛЕНИЯ РЕБЕНКА В ДОШКОЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ
МЕТОДОМ СБОРКИ**

В данной статье представлены методы мышления через формирование психологической и педагогической точки зрения, составление, обоснование, изложенные в определении условий развития детей дошкольного возраста. Рассмотрено использование на уроках изобразительного искусства в дошкольных учреждениях метода сборки для развития мышления ребенка и особенности его проведения.

Ключевые слова: изобразительное искусство, методика сборки, дошкольное учреждение, мышление.

**THE DEVELOPMENT OF THE THINKING CHILD IN PRE-SCHOOL
INSTITUTIONS BY THE METHOD OF ASSEMBLY**

In this method of thinking of children of preschool age through the formation of psychological and pedagogical point of view, preparation, justification, set out in the determination of the conditions of development. Considered use of the lessons of fine art in pre-school institutions for the development of the thinking child and the features of the method of Assembly.

Keywords: fine arts, methods of Assembly, preschool, thinking.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған үндеуінде ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлауға басты назар аудару қажеттігіне тоқталады: «Болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтылуы үшін кадрлар қорын жасақтау, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту,... тәрбиеші мамандығының беделі мен абыройын көтеру,...» [1].

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктер мен ресурстарды пайдалануды көздейді.

Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар балабақша балаларының дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан балалардың балабақшада жүрген кезінде ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы балалардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты. Шығармашылық танымдық іс-әрекет нәтижесі болып табылады [2].

Балалардың жан-жақты дамуы үшін құрастырудың рөлі ерекше. Құрастыру барысында балалар белгілі бір құрастырудың түрлерімен ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді. [3].

Ендеше, өркениетті елдің өскелең ұрпағына терең лайықты білім, жан-жақты тәрбие берудің қажеттігін естен шығармаған жөн.

Қазақстан Республикасы ғылыми техникалық, экономикалық, ресурстық және рухани дамуының жаңа деңгейіне бағытталуда. Республика өміріндегі бұл өзгерістер, сөз жоқ, мектепке дейінгі білім беру саласына, соның ішінде балабақшада балаларды дара тұлға етіп тәрбиелеу ісіне де әсерін тигізуде.

Мектепке дейінгі тәрбие мазмұнының түбегейлі жаңаруы Қазақстан Республикасында еркін елдің ертеңін баянды ету бағытында жүзеге асырылып жатқан саяси, әлеуметтік құжаттардан, оны іске асыруда күнбе-күн өмірге орныға бастаған білім, ғылым саласындағы жаңалықтардан көрінеді. Өйткені бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті.

Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі, оқуы және дамуы жайлы теориямен тәжірибе баланың әлеуметтік дауы мәселесімен байланысты болып келеді. Биологиялық индивидтің әлеуметті субъектіге айналуы адамның

элеуметтену үрдісінде оның элеуметтік маңызды болып танылатын жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы негізінде элеуметтік топтар құрылымында құндылықтарды, заңдылықтарды, элеуметтік нормаларды, дәстүрлерді, мінез-құлық үлгілерін игеруі арқылы қоғамға кірігуімен жүзеге асады.

Зерттеу мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың құрастыру әдісі арқылы ойлау қабілетін қалыптастыруды педагогикалық және психологиялық тұрғыдан негіздеу, дамыту шарттарын анықтау.

Зерттеу нысаны: мектепке дейінгі мекемелерде баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы, құрастыруды жүргізу ерекшелігі.

Зерттеу пәні: балалардың бейнелеу өнері сабағында құрастыру әдісін пайдалану.

Зерттеудің болжамы: егер мектепке дейінгі мекемелерде бейнелеу өнері сабақтарында құрастыру әдісін дұрыс, жүйелі ұйымдастырып қолданса, онда балалардың ойлау қабілеттері артар еді, өйткені құрастыру әдісін оқу үрдісінде қолданғанда балалардың:

- өзіне деген сенімдері артады;
- еркін ойлана алады;
- ойын еркін жеткізе алады;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- материалды жақсы, тез ұғады;
- ұжымшылдыққа үйренеді;
- тапқырлыққа, өжеттікке үйренеді;
- логикалық ойлауы артады.

Отандық психологтер мен педагогтер (Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.В. Запорожец, Н.Н. Поддьяков, Н.А. Ветлугина, Н.П. Сакулина, Е.А. Флерина және т.б.) балалардың шығармашылық және ойлау қабілеттері мектепке дейінгі жаста ашылып қоятындығын дәлелдеді. Балалар сурет түрінде, құрастыру түрінде өлеңдерден көптеген жаңалықтар ашады. Ашылулар мен заттар жаңалығы субъективті сипатта болады және ол баланың негізгі ерекшелігі болып табылады. Сонымен бірге мектеп жасына дейінгі балалар үшін өнімді қалыптастыру процесі маңызды мағынаға ие. Баланың іс-әрекеті жоғары эмоциялық қызығушылықпен, ізденуге деген талпынысымен, түрлі шешімдерді түрлі жолдармен жүзеге асырып көруімен ерекшеленеді, сол арқылы соңғы нәтижеге қарағанда сол іс-әрекеттері арқылы көп рақат алады. Және бұл – баланың ойлау қабілетінің ерекшелігі.

Ойлау – объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, дүниені тану мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті.

Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-элеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып, бекемделген. Сыртқы дүниені толық

тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз. Түйсік, қабылдау процестерінде сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстары жайлы қарапайым қорытындылар жасалады. Бірақ қарапайым қорытындылар сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының ішкі құрылысын, оның қажетті қатынастары мен байланыстарын жөнді ашып бере алмайды. Адамның ой-әрекеті әсіресе түрлі мәселелерді бір-біріне жанастыра отырып шешуде өте жақсы көрінеді.

Құрастыру термині әртүрлі заттарды, бөліктерді бір жағдайға келтіріп құрау деген мағынаны білдіреді.

Балалардың құрастыру жұмыстары құрылыс материалдарынан әртүрлі құрылыста конструкторлармен, «Лего» құрастырғыштарымен құрау, табиғи саздан құрылыс жасаумен айналысу болып табылады.

Құрастыру іс-әрекеті дегеніміз – бұл өзінің қызметіне сәйкес бұрыннан ойластырылған, белгілі бір нақты өнім алуға бағытталған әрекет түрі. Құрастыруды үйрену арқылы балалардың ойлауы дамиды, іс-әрекетін жоспарлай білуге дағдыланады. Белгілі бір құрылысты немесе заттарды құрастырып, олардың қандай жүйеде, қалай болуы қажеттігін күні бұрын ойластырады.

Құрастыру арқылы геометриялық денелерді, құрылыс заттарының көлемі, сапасы, пішіні және кеңістікте орналасу қатынастарын тану қабілеттері артады. Мысалы: төрт қырлы бөрене, пластина, құрастырғыштар, тетіктері т.б. Құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру кезінде тәрбиеші адамдарды, жан-жануарларды, өсімдіктерді, көлік түрлерін т.б. бейнелейтін әртүрлі ұсақ ойыншықтарды да пайдаланады.

Бала құрастыруын іс-әрекет ретінде қалыптастыру мақсатында, баланың өзі де дамуымен қатар, мамандар құрастыруды оқытуды ұйымдастырудың түрлі формаларын ұсынды. Олардың бірі тәжірибеде кең қолданыс тапса, енді бірі көп қолданылмайды, тағы бір формалар ұйымдастырудың қиындығынан мүлде қолданылмайды. Бала құрастыруындағы оқытуды ұйымдастыру формаларының кең қолданылатын бірнешеуін қарастырып көрер болсақ.

Ф. Фебер мынадай құрастыру түрін ұсынады: балаларға (оқушыларға) құрылыс материалдарынан, қағаздардан және т.б материалдардан жасалған құрылыстар ұсынылады. Балалар сол құрылыстарды қайта жаңғыртуы, яғни қайта жасап шығуы қажет. Бұл форма түрінде оқушыларға дайын тапсырма беріп, іс-әрекет түрі түсіндірілу арқылы оқыту формасы қамтамасыз етіледі. Мұндай құрастыруды тікелей шығармашылықтың дамуымен байланыстыру мүмкін емес. Алайда, В.Г. Нечаева, З.В. Лиштван, А.Н. Давидчук және біздің зерттеулеріміз құрылыс материалдарынан құрастыру, үлгілерді пайдалану оқытудың маңызды кезеңі болып табылады. Онда оқушылар құрылыс бөлшектерінің құрылысын біліп, құрастыру техникасын меңгереді (құрылыс кеңістігін таңдауды,

бөлшектерді ұқыпты байаныстыруды) меңгереді.

Үлгілерді дұрыс тексеру балаларға талдаудың жалпыланған тәсілін меңгеруге, кез келген бөлшектің негізгі элементтік анықтау қабілетіне көмектеседі. Мұндай құрылымдық талдау бейнелер арасындағы айырмашылықты, өзара байланысты ажыратуға әрқайсысының қызметтік тағайындалуына, өзінің тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруға себептілігін тигізеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың өз бетімен жасаған әрекетін бөлшектерді дұрыс таңдап, мақсатқа бағыты пайдалануына бағыттауда түрлі суреттерді үлгі ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ белгілі бір бөлшектері көрсетілмеген құрылыстарды да беруге болады. Тапсырма бойынша балалар сол жоқ бөлшегін құрастырып толтыруы тиіс. Бұл форманы А.Н. Давидчук ұсынды. Бұл тапсырманы сондай-ақ, үлгіден басқа құрылыс жасауда пайдалануына болады. Бұл жағдайда бала әрбір келесі құрылысты алдыңғы құрылыспен өзара байланыстыра білуі керек. Мысалы: суретте көрсетілген диваннан бөлшектерді пайдалану арқылы қарауыл орнын жасау.

Осылайша, үлгі бойынша құрастыру маңызды оқыту кезеңі болып табылады. Оның негізінде еліктеушілік іс-әрекет жатыр. Осы форманың шеңберінде балалардың өз бетімен жұмыс жасау қабілетін дамытуға бағытталған, шығармашылық қабілетін дамытуға негізделген есептерді шешуге болады.

А.Н. Миренова және А.Р. Лури құрастырған өз жұмыстарында пайдаланған құрастыру формасының негізі мынадай: оқушыларға үлгі ретінде модель ұсынылады, онда жеке құрастыру бөлшектері баладан жасырылады (модель ретінде қатты ақ бетпен желімделіп жапсырылған құрылыс берілуі мүмкін). Бұл модельді балалар оларда бар құрылыс материалдарынан қайта жаңғыртып беруі керек. Осылайша, берілген жағдайда балаға белгілі бір тапсырма беріледі, бірақ оның шешу тәсілдері берілмейді.

Р.И. Лури зерттеуі көрсеткендей, мұндай тапсырмаларды қою, мектеп жасына дейінгі балалар үшін олардың ойлау қабілетін белсендірудің тиімді құралы болып табылады. Осы міндеттерді шешу процесінде балаларда модельді ойша бөлшектерге бөліп, оның құрастырушы бөлшектерін біліп, қайта жаңғырту үшін басқа бөлшектерді дұрыс таңдай білу қабілеті қалыптасады. Дегенмен, біздің пікірімізше, бұндай талдау тек сыртқы ұқсастықтарын, олардың бөлшектері арасындағы байланыстарды, сонымен бірге жеке бөлшектердің де, толық құрастырудың да қызметтік тағайындалуларын іздестіруді қамтамасыз етеді. Модельді одан да тиімді пайдалану мақсатында балалар бір объектіден бірнеше түрлі құрастырулар жасауды меңгеруі керек. Осы талдаулар негізінде (негізгі бөлшектерді бөліп көрсету, кеңістіктегі орнын анықтау, қызметтік тағайындалуы және т.б.) балаларда құрастыратын бейненің жалпы көрінісі қалыптасады (мысалы, барлық жүк машиналарының құрастыруларында ортақ

бөліктері бар – кабина, дөңгелектері, рулі және т.б. – олар тәжірибелік қолдануы бойынша түрлі пішінде болуы мүмкін). Мұндай құрастыру үрдісінде қалыптасқан жалпы түсініктер кейінгі уақытта балаларға құрастыруда модельді талдаудың тиімді жолын қарастыруға, сонымен бірге құрастырудың іс-әрекет ретінде қалыптасуына, дамуына әсер етіп қана қоймай, балалардың аналитикалық және бейнелік ойлауының дамуына да септігін тигізеді.

Модель бойынша құрастыру үлгі бойынша құрастырудың күрделі түрі болып табылады. Бірақ, өкінішке орай, ол өзінің даму жолын бастан өткере алмады, себебі дайын көлемді модельдер жоқ, ол құрылыстарды желімдеу тиімсіз процедура болып саналады.

Н.Н. Поддьяков ұсынған құрастыру сипаты жағынан мүлде өзгеше болып келеді. Оның негізі мынадай. Балаларға құрастыру үлгісін, оның құрастыру тәсілі мен жолдарын бермей, құрылыстың тәжірибелік мәнін ғана көрсететін құрылыс шартын ғана түсіндіреді. Мысалы: өзен арқылы белгілі ұзындықта және ендікте, көліктер мен жаяу жүргіншілер өте алатындай етіп көпір тұрғызу немесе жеңіл машина мен жүк машинасы қатар сиятындай етіп гараж салу. Берілген жағдайда құрастыру міндеті шарттар арқылы беріледі де проблемалық сипатта болады. Себебі оны шеші жолдары мұғаліммен берілмейді, әр баланың өз ойы мен қиялы бойынша құрастырылады.

Құрастыру процесінде балаларда талдау қабілеті қалыптасады, сол қабілеттердің негізінде күрделі құрылымды тәжірибелік іс-әрекетін қалыптастырады. Балалар құрылыс құрылымының бір-бірімен өзара байланысын жеңіл және берік меңгереді. Зерттеуіміз көрсеткендей, балалардың өздері өз бетінше жағдайға қарай нақты шарт құрып, соған сәйкес құрастырулар жасай алады, қызықты ой туындыларын тудыртып, оларды жүзеге асыра алады, алдарына нақты және қолжетімді мақсат қойып, соған қарай талпынатын болады. Зерттеулер көрсеткендей (Н.Н. Поддьяков, А.Н. Давидчук, Л.А. Парамонова), берілген оқытудың ұйымдастыру формасы шығармашылық құрастырудың дамуына көп ықпал жасайды. Дегенмен балалар нақты бір тәжірибе жинастырған болуы тиіс: құрастыратын объекті туралы жалпы түсініктің болуы, құрылысы жағынан ұқсас объектілерді талдау қабілетінің болуы, түрлі материалдардың құрылымын талдау қабілетінің болуы және т.б. Бұл тәжірибе, ең алдымен, үлгі бойынша құрастыру кезінде және түрлі материалдармен тәжірибе жасау кезінде қалыптасады. Берілген құрастыру формасы дәстүрлі түрде құраылыс материалдарынан құрастырылатынын байқауға болады. Бірақ авторлардың зерттеуі барысында оның шығармашылықты дамыту мақсатындағы басқа да іс-әрекеттерде кеңінен қолдануға болатындығы байқалды.

Қарапайым сызба немесе көрнекі сұлбалар арқылы құрастыру С. Леон Лоренсо және В.В. Холмовскидің басшылығымен жасалынды. Авторлардың айтуынша, іс-әрекеттің модельдеуші сипаты негізінде шынайы объектілердің сыртқы және ішкі байланыстары мен ұқсастықтары анықталып, ішкі көрнекі

модельдеу формасының дамуына мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндіктер оқушыларды құрылыстың қарапайым сызба-сұлбаларын жасауда іске асырылып, кейіннен керісінше сол қарапайым сызба-сұлбалар бойынша құрылыстың өзін салуда жүзеге асырылады. Дегенмен, балалар, көлемді геометриялық денелердің (құрылыс материалдарының бөлшектері) кеңістіктік проекцияларын белгілей алмайды. Мұндай қиыншылықтарды жеңу мақсатында арнайы шаблондар құрастырылды (В.В. Брофман), ол шаблондарды құрастыру ойын көрсету мақсатында балалар көрнекі сызба-сұлбаларды жасауда пайдаланды.

Мұндай оқытудың нәтижесінде балаларда бейнелік ойлау қабілеті және танымдық қабілеттері қалыптасады, яғни олар «екінші ережедегі» сыртқы модельдерді құрастырып пайдалана бастайды. «Екінші ережедегі» модель дегеніміз – қарпайым сызбалар мен сұлбалар. Сызбалар мен сұлбаларды жаңа объектілерді танудағы өзіндік құрал ретінде пайдаланады. Дегенмен, авторлардың зерттеуі көрсеткендей, бұл компьютерлік құрастыру мен тәжірибелік іс-әрекеттің өзара байланыстыра пайдалануда жеңіл және табиғи түрде өтеді.

Идея арқылы құрастыру үлгі арқылы құрастырумен салыстырғанда, балалардың шығармашылығын дамытуда көп мүмкіндікке ие. Олардың өзіндік жұмысын көрсету үшін, мұнда балалар қалай және ненің көмегімен құрастыру керектігін талдап қарастырады. Құрастыру идеясының туындауы мен оны жүзеге асыру мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте күрделі міндет болып табылады, идеялар тұрақсыз және іс-әрекет үрдісінде жиі өзгеріске ұшырайды. Бұл әрекет ізденушілік және шығармашылық процесс ретінде қалыптасып жүруі үшін балалар құрастыратын объектінің жалпы түсінігін білуі тиіс, құрастырудың жалпы тәсілдерін меңгеруі тиіс, сонымен бірге жаңа әдіс-тәсілдерді іздестіріп, пайдалана білуі керек. Бұл білім, іскерлік, дағдылар құрастырудағы басқа формалары негізінде қалыптасады – үлгі және шарт бойынша. Басқаша айтқанда, идея бойынша құрастыру оқыту құралы болып саналмайды, ол тек өз бетінше және шығармашылық түрде бұрында алынған білім, іскерлік, дағдыларын пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге өз бетінше әрекет жасау мен шығармашылық деңгейі білім мен іскерліктің деңгейіне байланысты болады (идеяны тұрғыза білу, қателіктерден қорықпай жаңа жолдар мен тәсілдерді, әдістерді іздестіру және т.б.)

Сәби жастың бірінші тобында құрастыру ойындар мен сабақтар баланың 9 айлығынан бастап өткізіледі. Осы жастағы балалардың өзіндік ерекшеліктері бар: олардың бойында ересектердің әрекетіне қызығушылық, олармен қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік, ойыншықтарға, заттарға қызығушылық, оларды ұстауға, алуға, оларды қағып ойнауға ынталылық пайда болады.

Ересектің сөзін түсіну интенсивті дамиды, бұл сөздер мен әрекеттердің арасындағы байланыстылықты қалыптастыруға, ойыншықтардың, заттардың атын білуге мүмкіндік береді. Тәрбиешінің «әтешті тапшы», «мысықты көрсетші» және т.б. өтініштері бойынша балалар заттармен, ойыншықтармен күрделі емес

әрекеттер орындайтын болады. Осы уақыттан бастап балаларға шаршылар және кірпіштермен әрекет жасауға ынталылықтарын тудыру, оларды танып және ажыратуға, осыларды орындаудағы ересектердің күрделі емес әрекеттерін бақылауды және бұл әрекеттерді елестетуді, шаршылар мен кірпіштерді бір-бірінің үстінде қоюды, қатарластырып жинастыруды үйрету қажет.

1-кесте – Балалардың білім деңгейлерін анықтау үшін белгіленген үш критерий

Деңгейлері	Негізгі өлшемдері
Жоғары	- білім деңгейі, сабаққа қызығушылығы өте жақсы; - негізгі ұғымдарды, түсініктерді өте жақсы біледі; - тапсырмаларды толық, дұрыс, тез, саналы түрде орындайды; - жауаптары толық, мысалдар келтіре біледі, өз ойын толығымен жеткізеді, қорытынды жасай алады; - проблемалық сұрақтарға еркін жауап бере алады;
Орта	- білім деңгейі, сабаққа қызығушылығы орташа жақсы; - негізгі ұғымдарды, түсініктерді орта деңгейде біледі; - тапсырмалар, өздік жұмыстарды дұрыс, бірақ баяу орындайды; - жауаптары кейде толық болмайды, үнемі дұрыс қорытынды шығара білмейді, өз ойын толығымен жеткізе алмайды; - проблемалық сұрақтарға еркін, толық жауап бере алмайды;
Төменгі	- бейнелеу өнері бойынша білімі, пәнге деген қызығушылығы төмен; - негізгі ұғымдар мен түсініктерді білмейді; - жауаптары толық болмайды, үнемі дұрыс қорытынды шығара білмейді, өз ойын жеткізе алмайды;


Бірінші кезең бойынша баланың білімін, шығармашылық ойлау қабілеттерін, пәнге қызығушылығын анықтауды мақсат етіп, балалардың білім деңгейін, олардың материалды қабылдау қабілеттерін қаншалықта қалыптасқандығын, ойлау қабілеттерін анықтауда құрастырудың әртүрлерінен шығармашылық тапсырмалар ұсынылды.

2-кесте – Балалардың білім деңгейін анықтау көрсеткіші

Топтар	Деңгейлері		Деңгейлері			
	Жоғары		Орта		Төмен	
	Саны		Саны		Саны	
«Құлыншак» тобы	16	45%	6	33%	3	22%
«Айгөлек» тобы	13	41%	8	35%	4	24 %

Балалардың білім деңгейін анықтау кестесінің пайыздық көрсеткішінің

гистограммасын төменгі суреттен көруге болады.



1-сурет – Анықтау эксперименті нәтижесінің диаграммасы

Екінші кезеңде балаларға құрастырудың әр түрлерімен таныстыра отырып, төменде берілген сабақ үлгісін пайдалана отырып, сабақ жүргізілді.


Эксперимент жұмысын қорытындылау мақсатында бақылау жұмыстары, тест, сауалнамалар жүргізілді. Тексерулер қорытындысы эксперимент нәтижесінде құрастыру әдісі арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамып, құрастыру түрлері туралы білімдерінің, ой-өрістерінің дамығандығы байқалды. 5-6 жас балаларының ойлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында жүргізілген бақылау экспериментінің қорытындысын 3-кестеден көруге болады.

3-кесте – Оқыту кезеңінің көрсеткіштері


Сыныптар	Деңгейлер					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны
«Құлыншақ» тобы	20	56 %	3	35 %	2	9 %
«Айгөлек» тобы	18	48%	4	33 %	3	19 %

Зерттеу нәтижесінде балалардың бақылау экспериментінің гистограммалық

нәтижесін төмендегі суреттерден көрінеді.



2-сурет – Оқыту кезеңінің көрсеткіштері



4-сурет – Эксперимент тобындағы балалардың эксперимент басында және аяғындағы ойлау қабілеті дейгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Алынған нәтижелерді саралай келіп, мынандай қорытынды шығаруға

болады: «Құлыншақ» тобындағы ойлау қабілетінің деңгейлері жоғары дамыған, балалар саны «Айгөлек» тобындағы балалар санынан 21%-ға артық, орта және төмен деңгейдегілер саны бақылау тобындағы балалардан 21%-ға кем. Бұл әрине «Құлыншақ» тобындағы балалармен жүргізілген жұмыстың нәтижесін көрсетеді. Олай болса құрастыру материалдары балалардың ойлау қабілетін дамытуға тікелей әсер етеді деп айтуға болады.

Эксперимент тобында ең алғашқы тексеруде ойлау қабілеті жоғары деңгейдегі балалар 45% құраса, ол көрсеткіш эксперимент соңында 56% құраған, яғни осы аралықта жоғары деңгейде құрастыру әдісі арқылы ойлау қабілеті дамыған. Ал орта деңгейіндегі балалар эксперимент басында 33 пайыз құраса, эксперимент соңында 35%-ға өскен. Ал ойлау қабілеті төмен деңгейдегілер саны эксперимент соңында 9%-ға кеміген.

Сонымен, балалардың ойлау қабілетінің даму деңгейіне құрастыру әдісінің маңызы зор екендігі байқалды, олай болса, болжам дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТІР ТІЗІМІ

1. Шиянов Е.Н. Гуманизация педагогического образования: состояние и перспективы / Е.Н. Шиянов. – Ставрополь, 1991. – 206 с.
2. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері // С. Қалиев, Ш. Майғаранова, Г. Нысанбаева, А. Бейсенбаева. – Алматы: Білім, 2001. – 221 б.
3. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века / Б.С. Гершунский. – М.: Изд-во «Совершенство», 1989. – 608 с.
4. Теплов Б.М. Способности и одаренность. Психология индивидуальных различий: тексты. – М., 1982.
5. Симонов П.В. Мозг и творчество // Мозг и разум / Под ред. Д.И. Дубровского. – М., 1994.

REFERENCES

1. Shijanov E.N., *Gumanizacija pedagogicheskogo obrazovanija, sostojanie i perspektivy. Stavropol', 1991, 206 (in Russ)*.
2. Qaliev S., *Oqushylardyn tulgalyk qasiетterin damytudyn pedagogikalyq negizderi*. S. Qaliev, Sh. Majqaranova, G. Nysanbaeva, A. Bejsenbaeva. *Almaty, Bilim, 2001, 221 (in Russ)*.
3. Gershunskij B.S., *Filosofija obrazovanija dlja XXI veka*. M., *Izd. vo Sovershenstvo, 1989, 608 (in Russ)*.
4. Teplov B.M., *Sposobnosti i odarennost'. Psihologija individual'nyh razlichij. Teksty*. M., *1982 (in Russ)*.
5. Simonov P.V., *Mozg i tvorcestvo. Mozg i razum. Pod red. D.I. Dubrovskogo*. M., *1994 (in Russ)*.